



**БҰЙРЫҚ**

10 желтоқсан 2020 жыл

Семей қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 01-041/687

город Семей

**Ақша қаражатын жинауға  
тыйым салу туралы**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес Семей қаласының білім беру мекемелері мен ұйымдары оқушыларының ата-аналарынан (заңды өкілдерінен) ақшалай қаражаттың заңсыз жиналуына жол бермеу мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру мекемелері мен ұйымдарының басшыларына:

1) білім беру мекемелері мен ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің ата-аналарынан (заңды өкілдерінен) демеушілік және қайырымдылық көмек шоттарына заңсыз ақша қаражатын жинауға жол берілмесін;

2) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналарынан білім беру ұйымдары мен мекемелерінің әртүрлі қажеттіліктеріне ақша қаражатын жинау үшін сынып жетекшілерін, тәрбиешілерді тартуға үзілді-кесілді тыйым салынсын;

3) әкімшілікке, сынып жетекшілеріне, барлық білім беру мекемелері мен ұйымдарының қызметкерлеріне сыйлыққа ақшалай қаражат жинауға қатаң тыйым салынсын;

4) Жаңа жылдық сыйлықтар алуға ақшалай қаражат жинауға тыйым салынсын;

5) Жаңа жылдық корпоративтік іс-шаралар өткізуге тыйым салынсын;

6) өзінің мекемесі мен ұйымының барлық қызметкерлерін осы бұйрықпен таныстырып, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналарына жеткізсін.

2. Білім беру мекемелері мен ұйымдарының басшылары «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын сақтамаған жағдайда дербес жауапты болады.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімі басшысының орынбасары Г. Оразбековаға жүктелсін.

Білім бөлшімінің басшысы

Н. Фесенко